

**«Астана медицина университеті» КеАҚ
6D 110100 «Медицина» мамандығы бойынша
Диссертациялық кеңес қорытындысы**

Диссертациялық кеңес **Ахметова Камшат Мусахановнаның** «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» атты ұсынылған жұмысын қарап, Диссертациялық кеңестің бұрын жасаған ескертпелерінің жойылғандығын растайды. Ұсынылған жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6929 болып тіркелген ғылыми дәрежелер беру ережесінің (бұдан әрі-ереже) талаптарына сәйкес келеді:

1. Ішкі бірлік қағидалары:

Ішкі бірлік қағидаты бойынша мынадай ескертулер жасалған: Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі жоқ, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері өзара байланысты емес. Міндеттер қорытындыларға сәйкес келмейді. Логикалық тізбек жоқ. Алынған нәтижелер толыққанды зерттеулер барысында жүргізілгеніне қарамастан, алынған қорытындылар бір-бірімен келіспейді. Диссертациялық жұмыстың ережелері диссертацияның тақырыбы мен мақсаттарына сәйкес келмейді. Автор ұсынған шешімдер ғылым мен тәжірибеде одан әрі пайдалану үшін дәлелденген тұжырымдар мен ұсыныстарға сай емес.

Қазіргі уақытта диссертацияның ішкі бірлігі бар, диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері бір-бірімен қисынды байланысқан. Ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсыныстар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. Автор ұсынған жаңа шешімдер негізделген және оларды ғылым мен практикада одан әрі пайдалану үшін ұсынылады.

2. Ғылыми жаңалық қағидалары:

Ғылыми жаңалық қағидаты бойынша келесі ескертулер жасалған: Алынған қорытындылар күмән тудырады және шынайы нәтижелері жоқ. Ғылыми жаңашылдық принципі бұзылған, ұсынылған деректер негізделмеген және нақты ғылыми нәтижелермен расталмаған. Атап айтқанда, «метаболизмдік синдром компоненттерінің таралуын зерттеу» бірінші міндетті шешу кезінде алынған нәтижелерді жаңа ғылыми жетістік ретінде бағалауға мүмкіндік бермейтін болжам мен негізделмеген есептер келтірген.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері, ережелері, ұсыныстары мен қорытындылары толығымен жаңартылған. Ғылыми жаңалық қағидаты дәйекті түрде сақталған, ұсынылған деректер негізделген және нақты ғылыми нәтижелермен расталған. Бірінші міндетті шешу кезінде метаболизмдік синдром компоненттерінің таралуы зерттеліп, келесі шынайы нәтижелер алынған: репродукциялық жастағы адамдар арасында метаболизмдік синдромның жалпы таралу жиілігі 18,1% құрады; ерлер арасында – 19,1%, әйелдер арасында – 17,1% таралғандығы анықталды; метаболизмдік синдром компоненттері: абдоминальды семіздік – 42,9%, жалпы семіздік – 31,3%, гипоальфахолестеринемия – 29,8%, гипертриглицеридемия – 9,5%, гипергликемия – 5,7%, артериалды гипертензия – 40,3% жиілікте таралған. Метаболизмдік синдром компоненттері ішінде гипертриглицеридемия ($p=0,024$) мен артериалды гипертензия ($p<0,001$) әйелдерге қарағанда ерлер арасында жиі кездесетіндігі анықталды. Барлық қойылған міндеттер бойынша алынған нәтижелер жаңа ғылыми жетістік ретінде бағаланады.

3. Шынайылық қағидалары:

Нақтылық бойынша келесі ескертулер жасалды: Алынған нәтижелер дұрыс емес. Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуда деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың сенімді статикалық әдістерін пайдаланбаған. Диссертациялық кеңес мүшелері пациенттерге рандомизация жасалмағанын анықтады, алайда жұмысты орындау барысында автор диссертацияда пациенттерді іріктеу рандомизация қағидаларын пайдалана отырып жүргізілгенін көрсеткен. Науқастар іріктеу үздіксіз жинау әдісімен жүргізілгені анықталды. Диссертациялық жұмыста пациенттерді топтарға бөлу белгілі халықаралық жіктемелер мен зерттеу топтарын таралу стандарттарына негізделмеген.

Қазіргі уақытта алынған нәтижелердің сенімділігі валидацияланған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен өңдеу әдістерін қолдана отырып алынған. Статистикалық өңдеу жүргізу үшін R statistics (Compare Groups R and R status packages) бағдарламасы пайдаланылған. Респонденттерді рандомизациялау үшін кездейсоқ сандар генераторы қолданылған. Респонденттерді іріктеу репрезентативті жүргізілген, арнайы формуланы қолдана отырып, респонденттердің қажетті саны -1340 алынған. Диссертацияда автор пациенттерді топтарға бөлмеген және ешқандай танымал халықаралық жіктеулер мен зерттеу топтарын бөлу стандарттары пайдаланылмаған.

4. Тәжірибелік маңыздылық қағидалары:

Практикалық маңыздылығы бойынша келесі ескертулер жасалды: Автор алған нәтижелер ғылыми негізделген тұжырымдар мен ұсыныстардың болмауынан практикалық құндылыққа ие бола алмайды.

Диссертацияның практикалық құндылығы бар, автормен алынған ғылыми нәтижелер 5 авторлық куәлікпен, 2 пайдалы модельге патентпен, профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының оқу процесіне 1 енгізу актісімен және Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының практикасына 1 енгізу актісімен, Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының дәрігерлеріне арналған 2 әдістемелік ұсыныстармен расталған.

Осылайша, Ахметова Камшат Мусахановнаның «Репродукциялық жастағы адамдардың метаболизмдік синдромын болжау және профилактикалық шараларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын «Астана медицина университеті» КеАҚ 6D 110100 «Медицина» мамандығы бойынша Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамыз.

Диссертациялық кеңес мүшелері:

1. м.ғ.к., доцент
2. м.ғ.к., қауымдастырылған профессор
3. м.ғ.д., профессор



« 26 » 09 2022 ж.